

## Ағымдағы және тұрақты бағалардағы өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Үлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 25 қарашадағы № 37 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 27 қарашада № 25444 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағы 22) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ағымдағы және тұрақты бағалардағы өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Үлттық статистика бюросының Үлттық шоттар департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Үлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Үлттық статистика бюросы басшысының орынбасарына (Ж.Ә. Жарқынбаев) жүктелсін.
4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Басшы

Н. Айдапкелов

Басшысының

2021 жылғы 25 қарашадағы

№ 37 бұйрығымен

бекітілген

## Ағымдағы және тұрақты бағалардағы өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесі 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ағымдағы және тұрақты бағалардағы өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес

қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістемеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аралық тұтыну – өндіріс процесінде трансформацияланатын немесе толық тұтынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құны;

2) дефлятор – белгілі бір кезеңдегі экономикадағы бағаның орташа өзгеруін сипаттайтын көрсеткіш;

3) жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ) – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі;

4) жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ЖҚҚ) – аралық тұтыну құнын шегергендеңі жекелеген өндірушілер, салалар немесе экономика секторлары енгізген ЖІӨ-ге салымның көрсеткіші болып табылатын жалпы шығарылым құны;

5) жалпы шығарылым – есепті кезеңде ұлттық экономиканың резидент-бірліктерінің өндірістік қызметінің нәтижесі болып табылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтық құнын білдіретін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді шыгару;

6) жеке түпкілікті пайдалануға арналған шығарылым – өндіруші өзінің түпкілікті тұтынуы немесе жинақтауы үшін пайдаланатын өнімдер;

7) институционалдық бірлік – активтерді иеленетін, міндеттемелер қабылдайтын, экономикалық қызметке қатысатын және басқа институционалдық бірліктермен операцияларға кіретін экономикалық бірлік;

8) қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) – бұл кәсіпорындар кезең-кезеңімен өндіріп алатын, бірақ ақыр соңында түпкілікті сатып алушылар толық көлемде төлейтін тауарлар мен қызметтерге салынатын салық;

9) нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ) – салыстырмалы кезеңде саладағы өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Базистік кезеңде есептелген және базистік кезеңдегі бағасына белгілі бір құнның ағымдағы кезеңге бөліндісімен есептеледі;

10) нарықтық емес шығарылым – үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес үйлімдар немесе мемлекеттік басқару органдары өндірген тауарлар мен жеке немесе ұжымдық қызметтерді қамтиды, олар институционалдық бірліктерге немесе тұластай қоғамға тегін немесе экономикалық тұрғыдан болмашы бағалар бойынша ұсынылады;

11) нарықтық шығарылым – экономикалық маңызы бар бағамен сатылатын немесе нарықта басқаша сатылатын өнім;

12) негізгі баға – өндіруші тауардың немесе шығарылым ретінде өндірілген көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін сатып алушыдан алуға тиіс, төленуге жататын кез келген салықты алып тастағанда және өндіруші оларды өндіру немесе сату нәтижесінде

алуға тиіс кез келген субсидияны қоса алғандағы сома, оған өндірушінің шот-фактураларында жеке ұсынылған кез келген көлік шығындары кірмейді;

13) өндірушінің бағасы – кез келген есептелген қосылған құн салығын немесе осыған ұқсас шегерілетін салықты алғып тастағанда, өндіруші шығарылым ретінде өндірілген тауардың немесе көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін сатып алушыдан алуға тиіс сома. Ол өндіруші шот-фактурада жеке ұсынған көлік шығындарын қамтымайды;

14) резидент – институционалдық бірлік, экономикалық мүдделер орталығы, ол осы елдің экономикалық аумағында орналасқан, яғни ол осы аумақта салыстырмалы түрде ұзақ уақыт (бір жыл немесе оданда көп) экономикалық қызметпен айналысады;

15) тұтынушының бағасы – сатып алушы белгілеген мерзімде және жерде тауар немесе қызмет бірлігін жеткізгені үшін сатып алушы шегеруге жататын кез келген ҚҚС немесе соған ұқсас шегерілетін салықты қоспағанда, сатып алушы төлеген сома. Тауарды сатып алушының бағасы сатып алушының белгіленген мерзімде және орынға жеткізгені үшін бөлек төлеген кез келген көлік шығыстарын қамтиды;

16) ұлттық шоттар жүйесі (бұдан әрі – ҰШЖ) – елдің экономикалық қызметтінің нәтижелерін сипаттайтын шоттар мен кестелердің белгілі бір жиынтығы түрінде құрылған статистикалық көрсеткіштер жүйесі.

## **2-тaraу. Ағымдағы бағаларда өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу 1-параграф.**

### **Жалпы шығарылымды бағалау**

3. ҰШЖ-да жалпы шығарылымның үш типі жіктеледі: тауарлар мен қызметтердің нарықтық, нарықтық емес шығарылымы және өзіндік түпкілікті пайдалануға арналған шығарылым.

4. Нарықтық шығарылым құны мынадай баптардың сомасы ретінде айқындалады:

1) экономикалық маңызы бар бағалар бойынша сатылған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құны;

2) басқа тауарлар мен қызметтерге немесе активтерге бартер бойынша айырбасталған тауарлар мен қызметтердің құны;

3) заттай нысанда еңбекақы төлеуді қоса алғанда, заттай нысанда төлемдер ретінде пайдаланылған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құны;

4) өндірістік процесті жалғастыруға байланысты тәуекел тауарлармен бірге берілген кезде бір мекеме сол нарықтық қасіпорынға тиесілі басқа мекемеге аралық тұтыну ретінде пайдалану үшін берген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құны;

5) дайын, бірақ сатылмаған тауарлардың және пайдалануға арналған аяқталмаған өндіріс қорларының өзгеру құны;

6) тауарлар мен қызметтерді жеткізуге арналған саудалық үстеме баға, көлік шығыстары, қаржы активтерін сатып алу және өткізу жөніндегі операциялардағы үстеме бағасы.

5. Нарықтық емес қызметтердің құны өндіріс шығындарының сомасы бойынша мынадай баптар бойынша бағаланады:

- 1) аралық тұтыну;
- 2) еңбекке ақы төлеу;
- 3) негізгі капиталды тұтыну;

4) өндіріске басқа субсидиялар шегеріле отырып, өндіріске салынатын басқа да салықтар.

6. Өзіндік түпкілікті пайдалану үшін шығарылым құны мынадай баптардың сомасы ретінде айқындалады:

1) үй шаруашылығының корпорацияланбаған кәсіпорны өндірген және сол бір үй шаруашылығы тұтынған тауарлардың құны;

2) жалдамалы ақы төленетін үй қызметшісінің үй шаруашылығына көрсеткен қызметтерінің құны;

3) тұрғын үй иелері өзінің тұтынуы үшін өндірген шартты тұрде есептелген тұрғын үй қызметтерінің құны;

4) мекеме өзінің пайдалануы үшін өндірген, сол кәсіпорында болашақта өндірісте пайдалану үшін қалатын негізгі қорлардың құны (негізгі капиталдың жалпы жинақталуы);

5) жоғарыда аталған әртүрлі пайдалану тұрлеріне арналған дайын өнімдер мен аяқталмаған өндіріс қорларын өзгерту құны.

7. Жалпы шығарылымды бағалау негізгі бағаларда жүргізіледі. Баға тұрлері өнімдерге салықтар мен субсидиялардың, сондай-ақ көлік шығыстарының қалай көрсетілетініне байланысты ерекшеленеді.

8. Жалпы шығарылымды және аралық тұтынуды бағалау кезінде тұрақты статистикалық зерттеулер мен әкімшілік деректер негізінде бағаланған шығарылым және аралық тұтыну шамасына бақыланбайтын экономиканың (бұдан әрі – БЭ) шығарылым және аралық тұтыну құны қосылады.

9. БЭ-ны бағалау мынадай әдістемелерге:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 7 тамыздағы № 4 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19215 болып тіркелген) Бақыланбайтын экономиканы бағалау әдістемесіне;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 125 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15848 болып тіркелген) Заңсыз қызмет көлемдерін бағалау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

10. Жалпы шығарылымды есептеу экономиканың бес институционалдық секторы деңгейінде біріктіріледі және экономикалық қызметтің мынадай тұрлері бойынша жүргізіледі:

"Ауыл, орман және балық шаруашылығы" секциясы;

"Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуды" секциясы;

"Өндіру өнеркәсібі" секциясы;

"Электр энергиясымен, газбен, бumen, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау" секциясы;

"Сүмен жабдықтау; қалдықтарды жинау, өндіру және жою, ластануды жою" секциясы;

"Кұрылыш" секциясы;

"Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу" секциясы

; "Көлік және жинақтау" секциясы;

"Тұру және тамақтану бойынша қызметтер көрсету" секциясы;

"Ақпарат және байланыс" секциясы;

"Қаржылық және сақтандыру қызметі" секциясы;

"Жылжымайтын мүлікпен операциялар" секциясы;

"Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет" секциясы;

"Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет" секциясы;

"Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету" секциясы;

"Білім беру" секциясы;

"Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету" секциясы;

"Өнер, ойын-сауық және демалыс" секциясы;

"Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну" секциясы;

"Үй қызметшісін жалдайтын үй шаруашылықтарының қызметі, өзіндік тұтынуы үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру бойынша үй шаруашылықтарының қызметі" секциясы.

11. Жалпы шығарылымды қалыптастыру үшін ақпарат көздері жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері және әкімшілік деректері:

өнеркәсіп өндірісінің статистикасы;

ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы;

құрылыш статистикасы;

сауда статистикасы;

қызмет көрсету статистикасы;

денсаулық сақтау статистикасы;

білім беру статистикасы;

байланыс статистикасы;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі.

12. "Қаржылық және сақтандыру қызметі" секциясы бойынша жалпы шығарылым мынадай әдістемелерге сәйкес қалыптастырылады:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 217 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14362 болып тіркелген) Қаржы делдалдығы қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесі;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 3 қазандағы № 226 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14393 болып тіркелген) Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық қызметтерін есепке алу әдістемесі;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 4 тамыздағы № 114 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15627 болып тіркелген) Сақтандыру қызметтерін есепке алу әдістемесі;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2017 жылғы 16 тамыздағы № 118 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15687 болып тіркелген) Зейнетакы қорларының көрсетілетін қызметтерін есепке алу әдістемесі.

13. "Жылжымайтын мұлікпен операциялар" секциясы бойынша жалпы шығарылым жеке меншік тұрғын үйде тұру бойынша көрсетілетін қызметтің шартты есептелген құнынан қалыптастырылады.

14. Көтерме және бөлшек сауданың жалпы шығарылымы қайта сату үшін сатып алынған тауарлар үшін алынған сауда маржасының жалпы құнынан қалыптасады. Ағымдағы тәжірибеде тауар айналымынан 30% мөлшерінде орташа тауарлық үстеме пайдаланылады.

## **2-параграф. Аралық тұтынуды бағалау**

15. Аралық тұтыну шығыстардың мынадай баптары бойынша қалыптастырылады:

1) материалдық шығындар (тауарлар және материалдық қызметтер);

2) материалдық емес қызметтерге ақы төлеу;

3) жол жүру және қонақ үй қызметтерін төлеу бөлігінде іссапарларға арналған шығыстар.

16. Материалдық шығындар мынадай баптар бойынша қалыптастырылады:

1) өндірістік процесте пайдаланылған шикізат пен материалдар;

2) жартылай фабрикаттар мен кәсіпорында құрастырылатын бөлшектер;

3) энергияның барлық түрлерін өндіруге, жылжытуға, өз өндірісіне қызмет көрсету бойынша көлік жұмыстарына жұмсалатын барлық түрдегі отын;

4) кәсіпорынның технологиялық және өндірістік және шаруашылық мұқтаждарына жұмсалатын барлық түрдегі энергия, кәсіпорынның өзінің электр және энергия түрлерін өндіруіне және сатып алынатын энергияны оны тұтыну орнына дейін түрлендіруге және беруге жұмсалатын шығыстар;

5) өнім өндіруге, шикізатты қайта өндеуге, жөндеу және пайдалану жұмыстарына қатысты жекелеген операциялар сияқты кәсіпорындар орындаитын жұмыстар мен қызметтер;

6) өнімдерді жеткізуге байланысты, кәсіпорынның өзі шеккен шығыстар, кәсіпорындардың көліктік көрсетілетін қызметтері; кәсіпорынның өзінің ішінде өнімдерді тасымалдау жөніндегі шығыстар;

7) байланыс және есептеу орталықтарының қызметтеріне ақы төлеу;

8) буып-тұю материалдарының таза құны;

9) қызметкерлердің құралдарға, жұмыс киімдеріне шығындарын өтеу;

10) қонақ үйлердің, мейрамханалардың және дәмханалардың тамақ өнімдерін, сусындарды және темекі өнімдерін сатып алуы;

11) ауруханалар мен медициналық мекемелердің пациенттеріне, оқушыларға арналған оқу орындарының тамақ өнімдері мен дәрі-дәрмектерді сатып алуы;

12) үй шаруашылықтарының өз шаруашылық қызметі үшін құрал-саймандарды, жұмыс киімдерін, құрылым материалдарын, тұқымдар мен жемшөп сатып алуы;

13) тұрғын үй иелерінің ағымдағы жөндеуге арналған материалдарының шығыстары;

14) әскери қызметшілерге арналған тамақ өнімдері мен киім-кешек.

17. Материалдық емес қызметтер мынадай баптар бойынша қалыптастырылады:

1) тауарлардың сапасын бақылауға ақы төлеу;

2) қаржылық қызметтер үшін төлемдер;

3) оқу орындарына кадрларды кәсіптік даярлаумен байланысты төлемдер;

4) денсаулық сактау мекемелеріне диспансерлеу, вакцинациялау қызметтері үшін ақы төлеу;

5) ғимараттар, имараттар, машиналар мен жабдықтар үшін жалдау төлемдері;

6) коммуналдық қызметтерге, қалдықтарды жинау және кәдеге жаратуға ақы төлеу;

7) заң қызметтері үшін ақы төлеу;

8) жарнама және кәсіпкерлік қызметтер, көшіру жұмыстары, билеттерді резервтеу, кәсіби бірлестіктерге төлемдер;

9) тауарларды лицензиялауға және сертификаттауға ақы төлеу;

10) өрт күзеті үшін төлемдер.

18. АРАЛЫҚ ТҰТЫНУДЫ ЕСЕПТЕУ ҮШІН АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ШАҒЫН КӘСІПОРЫННЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ НЫСАНДАР ЖӘНЕ ЭКІМШІЛІК КӨЗДЕРДІҢ ЭКІМШІЛІК ДЕРЕКТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

19. Экономикалық қызмет түрлөрі бойынша аралық тұтыну шамасына жанама түрде өлшенетін қаржы делдалдығы қызметтерінің (бұдан әрі – ҚДЖӨК) шамасы қосылады. ҚДЖӨК шамасы қаржылық делдалдық қызметтерін ұсынатын екінші деңгейдегі банктердің шығарылымы ретінде және осы қызметтерді тұтынатын салалардың аралық тұтынуы ретінде бір мезгілде көрсетіледі.

### 3-параграф. Жалпы қосылған құнды есептеу

20. ЖҚҚ ҰШЖ-дағы өндіріс шотының тенгерімдеуші бабы болып табылады.

21. Номиналды және нақты ЖІӨ бар. Номиналды ЖІӨ ағымдағы жылдың бағасымен немесе өнім өндіруге қатысты кезеңдегі ағымдағы бағалармен есептеледі. Нақты ЖІӨ белгілі бір уақыт аралығында ЖІӨ-нің нақты көлемінің өзгеруін бағалау үшін тұрақты бағамен есептеледі.

22. ЖІӨ-ні өндіріс әдісімен есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$GDP = GVA + NT$$

(1)

Мұнда:

GDP – ЖІӨ;

GVA – ЖҚҚ;

NT – өнімдерге таза салықтар.

ЖҚҚ-ны есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$GVA = Out - IC$$

(2)

Мұнда:

Out – жалпы шығарылым;

IC – аралық тұтыну.

Өнімдерге таза салықтарды есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$NT = T - S$$

(3)

Мұнда:

T – өнімдерге салынатын салықтар;

S – өнімдерге субсидиялар.

### 4-тарау. Тұрақты бағаларда өндіріс әдісімен жалпы ішкі өнімді есептеу

23. ЖІӨ мен оның компоненттерін тұрақты бағаларда бағалау физикалық көлем индекстерін есептеу үшін қажет, олар экономиканың даму деңгейінің маңызды көрсеткіштері, экономикалық жағдайдың ауытқуы және құрылымдық өзгерістерді анықтау болып табылады. ЖІӨ мен оның компоненттерінің динамикалық қатарлары ұзақ уақыт бойы тұрақты бағаларда экономикалық модельдеу мен болжауда пайдаланылады.

24. ЖІӨ-нің нақты көлем индексі базистік кезеңнің бағаларында бағаланған ағымдағы кезеңдегі ЖІӨ-нің құнын базистік кезеңдегі оның құнына бөлу арқылы Ласпейрес көлемінің индексі формуласы бойынша есептеледі:

$$I_q^{\text{BBП}} = \frac{\sum q_t p_0}{\sum q_0 p_0} \quad (4)$$

Мұнда:

$$I_q^{\text{BBП}}$$

- ЖІӨ нақты көлемінің индексі;

$$\sum q_t p_0$$

- базалық кезеңнің бағаларындағы ағымдағы кезеңдегі ЖІӨ-нің құны;

$$\sum q_0 p_0$$

- базалық кезеңдегі ЖІӨ-нің құны.

25. Уақыт өте келе базистік кезеңдегі салыстырмалы бағалардың құрылымы кейінгі кезеңдердің экономикасына тән болмайды. Ұзын репрезентативті динамикалық қатарларды алу мақсатында ескі қатарларды жаңа қатарлармен (өзгертілген таразылармен) байланыстыру (біріктіру) жүргізіледі.

26. ЖІӨ-нің жылдық тізбектік индекстері әр жыл үшін жаңартылған салмақтары бар екі жылдық жылдық индекстерді есептеу арқылы алғынады. Бұл сілтемелер бірізді көбейту арқылы динамикалық қатарларға біріктіріледі. 0 және t кезеңдерін байланыстыратын Ласпейрес көлемінің тізбектік индексінің формуласы мынадай:

$$I_q^{\text{BBП}} = \frac{\sum q_1 p_0}{\sum q_0 p_0} \times \frac{\sum q_2 p_1}{\sum q_1 p_1} \times \dots, \frac{\sum q_t p_{t-1}}{\sum q_{t-1} p_{t-1}} \quad (5)$$

Мұнда:

$$I_q^{\text{BBП}}$$

- ЖІӨ нақты көлемінің тіркелген индексі;

$$\sum q_1 p_0$$

- 0 кезең бағасындағы 1 кезеңдегі ЖІӨ құны;

$$\sum q_2 p_1$$

- 2 кезеңдегі ЖІӨ құны 1 кезеңнің бағаларында;

$$\sum q_t p_{t-1}$$

- t-1 кезеңінің бағаларындағы t кезеңіндегі ЖІӨ құны;

$$\sum q_1 p_1$$

- 1 кезеңдегі ЖІӨ құны;

$$\sum q_{t-1} p_{t-1}$$

- t-1 кезеңдегі ЖІӨ құны;

$$\sum q_0 p_0$$

- базалық кезеңдегі ЖІӨ құны.

27. ЖІӨ-ні тұрақты бағамен бағалау ЖІӨ-ні ағымдағы бағаларда жеке құн компоненттеріне бөлуді және оларды базалық жылдың бағаларында бағалау үшін тиісті әдістерді қолдануды қамтиды. ЖІӨ мен оның компоненттерін тұрақты бағамен бағалаудың негізгі әдістері дефляторлау және экстраполяциялау әдістері болып табылады.

28. Дефляторлау әдісі ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен қызметтердің құнын базистік кезеңдегі бағалармен салыстырғанда ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен қызметтер бағасының өзгеруін көрсететін индекске бөлуден тұрады. Бұл қайта бағалау процедурасы Пааше типі бойынша есептеуге сәйкес келеді және жалпы түрде келесідей сипатталады:

$$\left| \sum q_t p_0 = \frac{\sum q_t p_t}{I_p^{t/0}} \right| \quad (6)$$

Мұнда:

$$\sum q_t p_0$$

- базалық кезеңдегі бағаларындағы ағымдағы кезеңдегі ЖІӨ құны;

$$\sum q_t p_t$$

- ағымдағы кезеңдегі ЖІӨ құны;

$$I_p^{t/0}$$

- базистік кезеңмен салыстырғанда ағымдағы кезеңдегі баға индексі.

29. Экстраполяциялау әдісі базистік кезеңдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын базистік кезеңмен салыстырғанда ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің (немесе осы жиынтық үшін репрезентативтік тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) осы жиынтығының нақты көлемінің өзгеруін көрсететін индекске көбейтуден тұрады. Есептеу Ласпейрес индексінің формуласынан алынады:

$$\left| \sum q_t p_0 = \sum q_0 p_0 \times I_v^{t/0} \right| \quad (7)$$

Мұнда:

$$\sum q_t p_o$$

- базалық кезеңнің бағаларындағы ағымдағы кезеңдегі ЖІӨ құны;

$$\sum q_o p_o$$

- базалық кезеңдегі ЖІӨ құны;

$$I_v^{t/0}$$

- базистік кезеңмен салыстырғанда ағымдағы кезеңдегі нақты көлем индексі.

30. Қосылған құн тауарлар мен қызметтердің бақыланатын ағындарымен байланысты емес, бағалар мен көлемдердің өнімі ретінде ұсынылмайды. Сондықтан тұрақты бағалардағы қосылған құнды бағалаудың негізгі әдісі "қос дефляторлау" болып табылады, онда тұрақты бағалардағы қосылған құнның мәні тұрақты бағаларда бағаланған шығарылым құны мен аралық тұтыну құны арасындағы айырмашылық ретінде алынады. Қос дефляторлау ағымдағы бағалар мен баға индекстерінде өндірістердің шығарылымы және аралық тұтынылуы туралы сенімді ақпарат болған жағдайда қолданылады.

Бұл ақпарат болмаған жағдайда "бір дефляторлау" әдісі қолданылады, тұрақты бағаларда тікелей ЖҚҚ салаларын бағалау. Ол келесі жолдармен жасалады:

ағымдағы бағалардағы есепті жылдағы ЖҚҚ шамасы мынадай жолдармен:

- 1) шығару үшін баға индексімен;
- 2) аралық тұтыну үшін баға индексімен;
- 3) тұтыну бағаларының индексімен;
- 4) өндірушілердің баға индексімен;
- 5) жалақының өзгеру индексімен тікелей дефляторлаумен жасалады.

ағымдағы бағаларда өткен жылғы ЖҚҚ шамасын тікелей экстраполяциялау арқылы

:

- 1) шығарылымның нақты көлемінің индексімен;
- 2) аралық тұтынудың нақты көлем индексімен;
- 3) өкіл тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) заттай көріністегі көлемінің өзгеруін сипаттайтын индекспен;
- 4) заттай көріністегі шығындардың (еңбек шығындарынан басқа) жекелеген элементтерінің индекстерімен;
- 5) еңбекақы индексі, ол өз кезегінде жалақы индексімен дефляторланған;
- 6) жұмыспен қамтылғандар санының өзгеру индексімен;
- 7) еңбек шығындарының индексімен (жұмыспен өтелген адам-сағат);
- 8) еңбек өнімділігінің өзгеруіне түзетілген еңбек шығындарының индексімен айқындалады.

31. Тұрақты бағадағы өнімдерге салықты есептеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 1 қарашадағы № 145 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15957 болып тіркелген) Өнімдерге және импортқа салынатын салықтарды есепке алу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК